

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1033 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 19 тамыздағы № 523 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1033 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 11-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 14-1-жолмен толықтырылсын:

"

14-1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қорғанысмині	Мамыр	Қазан	Желтоқсан	Т. Т. Дәндібаев
------	---	--------------	-------	-------	-----------	-----------------

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин